Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

18 сәуір сейсенбі
№31 (1938)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: ұлттық жоба жүзеге аса ма?

Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында білім ошақтарының құрылысы басталады. Бұл өңірлердегі мектеп тапшылығын, үш ауысымды және апатты жағдайдағы білім ұяларын жою мақсатында жүзеге асырылмақ.

Жоба аясында 2025 жылға дейін елімізде 842 мың оқушыға арналған жаңа үлгідегі мектептер пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Сондай-ақ 100 мыңнан астам жұмыс орнын ашу көзделген.

Жалпы пилоттық жоба туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында айтылған еді. Онда: «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек. Жемқорлар сотталғанда, олардың заңсыз тапқан қаржысы мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалуға тиіс. Үкімет осы бастаманы заң тұрғысынан рәсімдеу туралы шешім қабылдауы керек» делінген.

Президент Жолдауындағы айтылған тапсырма биыл бастау алады. Жаңа да жайлы мектеп бірыңғай құрылыс стандартын сақтай отырып балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын, пәндік бөлмелер мен зертханалары толық жабдықталған, 1-4 және 5-11 сынып оқушылары үшін бөлек оқу аумағы мен спорт залы бар, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін тиісті жағдай жасалған оқу орны болуы қажет.

2 БЕТТЕ

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ

Ауыл-аймақтағы тұрмыс-тіршілік енді бұдан да жақсарып, жұмыстар жүзеге асып, тұрғындардың талап-тілегі орындала түспек. Оған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы себеп болмақ. Мемлекеттік бағдарлама аясында былтыр қалаға қарасты ауылдық округтерде біраз іс атқарылса, биыл да осы бағытта бірқатар шара қолға алынды. Осыған орай біз «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында биыл атқарылатын жұмыс барысының біршамасына тоқталғанды жөн көрдік.

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»: ЕЛДІ МЕКЕНДЕР КӨРКЕЙЕДІ

Осы жылы қалада тұрғын үй құрылысын дамытуға, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға ұлттық қордан, республикалық және облыстық бюджеттерден барлығы 53 млрд теңге бөлініп, ірі жобалар жүзеге аспақ. Осы жобалардың ішінде ауылдық елді мекендерде атқарылатын игі істер қамтылған.

Жақында қала әкімі Асылбек Шәменов қалаға қарасты ауылдық округтер мен қос кентті аралап, тұрғындармен кездесіп, талап-тілегін тыңдап қайтты. Сол кездесулерде шаһар басшысы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қолға алынатын жұмыстарды саралады.

– Биыл ауылдарға ерекше көңіл бөлінуде. Тұрғындардың талап-тілегіне сәйкес, қажетті шаралардың барлығы атқарылады деп жоспарлануда. Бұл жұмыстар мұнымен тоқтап қалмайды. Жедел әрі жүйелі істің нәтижесінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөлінді, – деді қала басшысы.

2 БЕТТЕ

«Ауыл аманаты» пилоттық жобасы жүзеге аса бастады. Бұл жоба – ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға, олардың табысын арттыруға бағытталған. Сондай-ақ жобаға қатысу ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру ісін жаңадан бастағандар үшін жақсы қолдау болмақ.

ТӨМЕНГІ ПАЙЫЗБЕН НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

Кеше қала әкімдігінің баспасөз орталығында қала әкімінің орынбасары Дінмұхамед Ермеков БАҚ өкілдеріне брифинг берді.

– Бағдарламаны іске асыру үшін биыл Қызылорда облысына 3 млрд теңге бөлінді. Ал несиелерді беру маусым айынан бастау алады деп жоспарланған. Айта кету керек, бағдарлама аясында ауыл тұрғындары жеңілдетілген несие алып, техниканы лизингке рәсімдей алады. Қарыз алу шарттары да өте тиімді, себебі ондағы пайыздық мөлшерлеме әлдеқайда төмен. Мәселен, несие мен микронесие мерзімі – 5 жыл.

Ал мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру саласындағы жобалар бойынша 7 жылға дейінгі мерзімге 2,5% жеңілдетілген мөлшерлемемен шағын несие алуға мүмкіндік береді, – деді қала әкімнің орынбасары.

Мұндай несиенің халыққа пайдалы болары анық. Сондықтан да ауылда қандай да бір өндіріс ашып, оны дамыту үшін бұл – үлкен мүмкіндік. Пилоттық жоба аясында микрокредиттерді беру үшін сенім білдірген өкіл ретінде «Байқоңыр» ӘКК» ҰҚ» АҚ белгіленіп, «Өңірлік инвестиция орталығы» МҚҰ бөлімшесі арқылы іске асырылады деп жоспарлануда.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Су тапшылығы бүгіннің де, болашақтың да өзекті мәселесі. Суға ерекше көзқарас болмаса, мәселе тереңдей беретіні шындық. Бұл орайда сөзден гөрі іс керек екені даусыз. Су тапшылығы және климат өзгеріс жағдайында егіншілікті жүргізу бағытында ғалымдар тарапынан қандай тұжырымдар жасалуда деген сұрақ көкейде бар екені рас. Осы орайда Сыр бойындағы ғылым мен білімнің қарашаңырағы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы, ҚР ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі Серікбай Өмірзақовпен әңгімелесудің сәті түсті.



Су бар жерде өркениет болады

Ғалым университеттегі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген гидротехнигі Мәделхан Нәлібаев атындағы су шаруашылығы музейін көрсете жүріп, әңгіме тиегін ағытты.

Мәңгі жасайтын сала

Жалпы Сыр өңірі мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысып келе жатқан аймақ. Әсіресе 1965 жылғы КОКП-ның мамыр пленумынан кейін Қазақстанның барлық өңірінде су шаруашылығы және мелиорация қарқынды дамып, нәтижесінде аймағымыздағы бүгінгі күні пайдаланып отырған күріш суару жүйелері салынып, егіншілік пен мал шаруашылығы қарқынды дамыды. Бүгінгі күнгі Сыр бойының келбеті сол кезеңдерде бастау алып, республикаға мақтан етерліктей елді мекендердің іргетасы қаланды және аймақ экономикасының негізін осы ауыл шаруашылығы құрады. Өңірде құрылыс, су шаруашылығы мекемелері, арнайы жылжымалы механикаландырған трестер мен колонналар құрылып, су және жер ресустарын тиімді пайдалану жүзеге асты. Осы кезде республикада арнайы су мамандарын даярлайтын жоғары оқу орны ашылып, облыс орталығында Қызылорда гидромелиоративтік техникумында білікті мамандар даярланды.

Кейін елімізде жүргізілген реформалар нәтижесі су шаруашылығына да әсерін тигізіп, қиыншылықтар тудырды. Дегенмен бұл саланың өзектілігі бүгінгі күні артып, жаңаша мазмұн алуда. Себебі «Су – тіршілік көзі» демекші, аймақтың ауыл шаруашылығының дамуы тікелей Сырдария өзенінің су жағдайына байланысты.

4 БЕТТЕ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: ұлттық жоба жүзеге аса ма?

Қаншама реформаны бастан өткерсе де білім саласындағы қажеттіліктер азаймақемес. Демографиялықахуалдың артуы, қоныстанушылардың көбеюі нәтижесінде жаңа шағын аудандардың бой көтеруі білім ошағына деген сұраныс тудыруда. Мемлекет басшысы өз сөзінде елімізде әлі күнге дейін апатты, үш ауысымды мектептердің мәселесі шешілмегендігін, сондықтан аталған жобаны іске асыру Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың бақылауында болуы керектігін баса айтқан. Сондай-ақ бөлінген қаржының әрбір тиыны мақсатты жұмсалуын да қадағалау керектігі айтылды. Осы орайда құрылыс жүргізетін мердігер мекемелерді анықтау «Samruk-Kazyna Construction» АҚ жауапкершілігіне берілген. Бүгінде ұлттық жоба бойынша 17 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қала бойынша конкурс жарияланған. Бұл бағыттағы жұмыстар сәуір айының соңында аяқталмақ.

Жалпы еліміз бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен 401 мектеп салынбақ. Оның 217-сінің құрылысы биыл басталады деп күтілуде. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ ресми сайтында берілген ақпаратқа сүйенсек, қазіргі таңда 185 нысанға конкурс жарияланып, 32 мектепке жер телімдерін бөлу жұмыстары жүргізілуде.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында мектеп салынатын өңірлер қатарында Қызылорда облысы да бар. Аймақта алдағы 3 жылда 15 100 орынға арналған, құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектеп бой көтереді деп жоспарланған. Облыстық құрылыс басқармасының мәліметінше, биыл 10 білім ошағының құрылысы басталады. Ал оның 5-еуі облыс орталығына салынады.

Білім ошағын салу тұрғындардың қажеттілігі негізінде жүзеге асатыны белгілі. Қазіргі таңда шаһардағы білім ордасы қажет деген шағын аудандар анықталып, соған сәйкес орындар белгіленген. Мәселен, сол жағалауда 900 орындық, Арай, СПМК-70 шағын ауданында 2000, КБИ шағын ауданында 600, Қызылжарма ауылдық округінде 900 орындық мектеп құрылысы жүргізілмек.

Жоспар бойынша ұлттық жоба аясында іргесі қаланатын жайлы мектеп барлық ауыл-аймақ, қалада бірыңғай стандартпен салынады. Басты ерекшелігі бастауыш сынып оқушылары бөлек, жоғары сынып оқушылары бөлек блокта білім алады. Балалардың қауіпсіздігі үшін әр блокта бейнебақылау, дыбыстық хабарлау сынды күшейтілген қауіпсіздік құрылғылары орнатылмақ. Сондай-ақ қолайлы жағдай жасау мақсатында оқушылардың оқу құралын, ауыстыратын артық киімін қоюға арналған шкафтар орнатылады. Бос уақытты тиімді өткізуге, шығармашылығын шыңдауға да лайықты жағдай жасалады. Бұл білім ошақтарында физика, химия, биология және робототехника сыныбы заманауи құралдармен жабдықталады. Жоғары жылдамдықтағы интернетке қосылып, сыныптарға touch-экрандар орнатылады. Бұдан бөлек ерекше балалардың білім алуына да бар мүмкіндік жасалады. Оқушылардың мектеп қабырғасында спортпен еркін айналысуына да қолайлы болмақ. Жайлы мектептің жобалық қуатына сәйкес бірнеше спорт залы болады. Мұндай мектепте тек оқушыларға емес мұғалімдерге де жағдай жасалады. Білім ошағына қатынау үшін қоғамдық көлік, жаяу жүргіншілер жолы, жарық бағаналары сынды мәселе туындамайды. Ал осыншама мүмкіндік қарастырылған нысанның құрылысы мемлекет тарапынан қаржыландырылады.

Иә, бүгінде білім аламын деген балаға мектептерде барынша мүмкіндік қарастырылған. Ал «Жайлы мектеп» жобасымен салынатын оқу ошақтары мұнан да зор мүмкіндікке ие. Балалар тек ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Балалар, оқуға бар! Жатпа қарап!» деген сөзін көкейге түйсе болғаны.

Айдана СЕЙІЛ

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»: ЕЛДІ МЕКЕНДЕР КӨРКЕЙЕДІ

Қай ауылда қандай жұмыс атқарылмақ?..

Игілікті бағдарлама аясында Қызылөзек ауылдық округіндегі 2 көшеге асфальт және 4 көшеге малта тас төселеді. Бөлінген қаржы көлемі – 173,8 млн теңге. Бұдан бөлек, жергілікті бюджеттен қаралған 4,5 млн теңгеге түнгі жарық бағаналары орнатылады. «Қожақ» автомобиль көпірі де алдағы күндері жөнделеді. Оның жоба-сметалық құжаттарына 5,2 млн теңге қаражат бөлінді. Оған қоса балаларға арналған спорттық-ойын алаңы салынады. Оған да қаржы қарастырылды. Ал электр желілерін қайта жаңғырту үшін 6 млн теңгеге жоба-сметалық құжаттары әзірленуде.

Қарауылтөбе елді мекенінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен бөлінген 274,4 млн теңгеге 150 орындық ауылдық клуб үйінің құрылысы жүргізілуде. Округтегі жаңадан қоныстанушы аумақтағы жалпы ұзындығы 9 шақырымды құрайтын 12 көшеге қиыршық тас төсеу үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, мердігер мекеме анықталуда. Ал кіре беріс жолдың бойындағы R-1 каналына жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысы үшін жоба-сметалық құжаттамасы мен мемлекеттік сараптама қорытындысы дайындалуда. Округ бойынша 8 КТПН, электр бағаналарын орнату жүргізілсе, жаңа қоныстанушы аумаққа техникалық су тарту ұңғымасын бұрғылауға 14,7 млн теңге қаралды.

Талсуатта да биыл қызу жұмыс жүреді. Яғни «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен бөлінген 65,2 млн теңгеге 8 көше жөнделеді. Жергілікті бюджеттен қаралған 2,1 млн теңгеге ауылдағы 7-ші көшеге жарық бағаналары орнатылады. Өткен жылы іргетасы қаланған 150 орындық ауылдық клуб мамыр айында ашылады деп күтілуде.

Биыл қос ауылда атқарылатын ауқымды істің бірі – Абай және Досан елді мекендерін газдандыру жобасы. Бұл газдандыру жүйесін ауыл тұрғындары да көптен күтті.

– Жақында қала әкімі ауылға келіп, халықпен жүздесті. Биылғы атқарылатын жұмыс барысын толық жеткізді. Соның ішінде ауылымызға «көгілдір отын» келетінін естіп риза болдық. Жалпы барлық ауылдың осылай көркейгені көңіл қуантады ғой, – деді Абай ауылының тұрғыны Әлібек Темірханов.

Иә, мәселе оң шешімін тауып, республикалық бюджеттен 663 млн теңге қаржы қаралған. Сондай-ақ республикалық бюджеттен бөлінген 56,5 млн теңгеге «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Досан ауылындағы 5 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары мен 3,8 млн теңгеге №1 көшеге жарық бағаналары орнатылатын болады. Абай елді мекеніндегі «Сиыр фермасы» учаскесіндегі 1 көшеге қиыршық тас төселеді.

Сонымен қатар «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Қызылжарма, Ақсуат, Қарауылтөбе, Қосшыңырау, Талсуат, Қызылөзек ауылдық округтерінен барлығы 46 көшеге, Ұлттық қордан бөлінген қаржыға Қарауылтөбе ауылдық округіне қарасты кіре беріс жолдың бойында орналасқан жаңа қоныс аумағына, қала мен Жезқазған тас жолының бойындағы 150 гектар жерге, сонымен қатар қаланың Сарысу көшесі бойындағы Шорғазы тұйығына және кенттер мен ауылдық округтердің 26 көшесіне қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізіледі.

Оған қоса қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мамандарының айтуынша, қала мен оған қарасты кент және ауылдық округтердегі 106 көшеге облыстық бюджеттен орташа жол жөндеуге 1 752, 6 млн теңге қаралып, қала бойынша 76 көшеге, Бөлкөл кентінен 6 көшеге, Тасбөгет кентінен 14 көшеге және Сабалақ саяжайынан 10 көшеге асфальт төселінбек.

Қалаға жақын орналасқан ауылдың бірі Ақсуат елді мекені сәуір айының алғашқы онкүндігінде «көгілдір отынға» қосылады деп жоспарлануда. Ақсуат ауылдық округінің әкімі Мәмбетәлі Ақмырзаевтың айтуынша, бұл ауылда да тірлік қарқынды.

– «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 79,9 млн теңгеге 2,9 шақырым болатын 3 көше жөнделеді. 10,4 млн теңгеге 1,6 шақырым болатын 2 көшеге түнгі жарық бағаналары орнатылады. Мұнан өзге, 68,7 млн теңгеге 1,4 шақырым болатын Ә.Құдабаев көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салуға және түнгі жарық бағаналарын орнатуға ұлттық қордан 89,8 млн теңге бөлінді. Ал 1 млрд теңгеге жаңадан қоныстанушы аумаққа электр желілерін жүргізу құрылысына облыстық бюджеттен 200 млн теңге қаралды. Қосымша 5 көшеге асфальт төсеуге 590,9 млн теңге берілді. Бұдан бөлек, тағы қосымша 3 көшеге асфальт төселеді деген жоспар бар, – деді ауыл әкімі.

Тілші түйіні

Бағдарлама аясында бірқатар игі істер атқарылмақ. Тіпті осы кездің өзінде құрылыс жұмысы басталып кетті. Енді тек қолға алынған жұмыс өз мәресіне жеткенше сапалы орындалып, ауқымды жоба ауылдағы ағайынға берекелі болса деген ниет бар.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ
Суреттерді түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Басы 1-бетте

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінде тарихта есімі алтын әріппен жазылған мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдық мерейтойына орай «Ұлт рухын ту еткен тау тұлға» атты тарихи-танымдық іс-шара өтті.

ҰЛТ РУХЫН ТУ ЕТКЕН ТАУ ТҰЛҒА

Өзінің 40 жыл ғұмырында түрлі салада еңбек етіп, өшпес із қалдырған қайраткердің мәдениет, өнер саласына қосқан үлесі зор. Ұлттық құндылығымыз бен мәдени мұралардың жойылып кетпей, бүгінгі күнге дейін сақталуына оның сіңірген еңбегі орасан. Шараны өткізудегі басты мақсат – жас оқырмандарға қайраткердің өнегелі өмір жолын, қызметін таныстыру, өскелең ұрпақтың бойына патриоттық сезім ұялату, ел жолында аянбай еңбек етудің үлгісін қалыптастыру.

Шараға шығармашылық үйінің қызметкерлері, С.Лапин атындағы №261 мектептің ұстаздары мен оқушылары, кітапхана оқырмандары қатысты. Рухани кеш барысында «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары Айжан Жұмабекқызы Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінің тыныс-тіршілігімен таныстырды. Ал қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Әзиз Батырбеков ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист, ұлттың кемел келешегі үшін аянбай қызмет еткен қайраткер тұлғаның ерен еңбегі мен өнегелі өмір жолы жайлы ой өрбітті.

Сонымен қатар жас оқырмандар Н.Қанибек, Қ.Барысбай, Ә.Ізбасар, Н.Зейнулла қазақ өнері мен әдебиетінің кең қанат жаюына орасан үлес қосқан Алаш ардақтысы Т.Жүргеновтің монологын, аймаққа танымал ақын Ә.Рахымбекұлының, А.Рахметовтің, Ж.Әбдірейімұлының арнау өлеңдерін оқыды. Өнерлі оқырман С.Жаппасбай мен Н.Зейнулла халық әні «Ақ толғайды» нақышына келтіре орындап, кеш ажарын ашты.

Шығармашылық үйінің фойесінде Темірбек Жүргеновтің қайраткерлік және қаламгерлік тұлғасы жайлы кең көлемді «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» атты кітап көрмесі қойылып, библиографиялық шолу жасалды.

Ақмешіт-ақпарат

Түнгі рейд: жауапсыз ата-ана жауапкершілікке тартылады

Жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қала әкімдігі жанынан құрылған жедел топ барлық аумақта күшейтілген түнгі рейд жұмыстарын жүргізуде.

Жасөспірімдердің беймезгіл уақытта ата-анасының қарауынсыз көше кезіп жүруі бүгінде белең алып барады. Олардың белгіленген уақыттан тыс кезде де ойын-сауық орындарында жүретіні жасырын емес. Яғни ата-ана да, бала да талап сақтамайды. Осы орайда жүргізілген түнгі рейд барысында қаладағы саябақтар мен ойын-сауық орындары тексерілуде.

Рейдтік іс-шара барысында өткен аптада заңды өкілінің қарауынсыз жүрген 5 жасөспірім анықталды. Олардың ата-анасына әкімшілік хаттама толтырылды. Жасөспірімдердің заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық мекемелерінде тек сағат 22.00-ге дейін, ал көшеде сағат 23.00-ге дейін жүруіне рұқсат етіледі. Талап сақталмаған жағдайда кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу немесе білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерін орындамағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 127-бабы бойынша ата-ана жауапкершілікке тартылады.

Қазіргі таңда түнгі рейд жұмысы тұрақты жүргізілуде. Оған облыстық полиция департаменті, қалалық білім бөлімі, қоғамдық даму бөлімі мен «Жастар рухы» ЖҚ облыстық филиалының қызметкерлері жұмыла атсалысуда. Жастар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары күнделікті жүргізілуде. Сондай-ақ ескертетін жайт, ата-аналарға балаларын беймезгіл уақытта үйден тыс жерлерге жіберуге тыйым салынады.

Тазалық табалдырықтан басталады

Көктем – тазалық айы. Ал қала тазалығы – баршамызға ортақ іс. Күн жылынғалы қаланың барлық аумағында сенбілік ұйымдастырылып, әр мекеме өзіне белгіленген аумақ бойынша тазалық жұмыстарын істеуде.

Өткен аптаның сенбісінде сол жағалау мен қалаға қарасты елді мекендерде санитарлық тазарту және көркейту-көгалдандыру шарасы өтті. Қоғамдық шараға жастар қауымы, еріктілер белсене атсалысты. Олар көше бойын, арықтарды қоқыстан тазартты. Сонымен бірге көгалдандыру мақсатында көшеттер отырғызды.

Айналаның таза болуы – ұдайы тазалық сақтаудың нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан тазалық, көркейту-көгалдандыру жұмыстарына бей-жай қарамай, жұмыла атсалысқан жөн-ақ. Сондай-ақ тазалықтың табалдырықтан басталатынын ұмытпаған дұрыс.

Ақмешіт-ақпарат

Сара сөздің семсері

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты А.С.Пушкин атындағы орталық кітапхана мен №17 Қызылжарма ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен журналист, жазушы Сақтапберген Әлжіковтің өмірі мен шығармашылығына арналған «Сара сөздің семсері» атты әдеби кеш өтті.

Сыр халқының ыстық ықыласына бөленген Сақтапберген Әлжіковтің өнегелі өмір жолын өскелең ұрпаққа өнеге тұтып, жастардың кітап оқуға деген құлшынысын арттыру мақсатындағы шараны ҚМУ студенті, кітапхана оқырманы Санақұл Бексұлтан С.Әлжіковке «Арнау» өлеңімен ашты.

Әдеби кешке Қызылжарма ауылдық округінің тұрғыны, зейнеткер Қожахмет Ыдырысов, республикалық «Әлімсақ» журналының бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы, С.Әлжіковтің немересі Жәнібек Орынбасарұлы Әлжіков қатысты.

Рухани шарада «Сатира саңлағы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ көрермендерге экраннан Сақтапберген Әлжіковтың өмірі мен шығармашылығына арналған бейнебаян көрсетілді. Қарап отырсақ, сықақ әңгімелері қоғамдағы белең алып отырған кейбір келеңсіз құбылыстарды, адам психологиясындағы, олардың күнделікті қарым-қатынасындағы ерсі қылықтарды сын садағына ілген. Әрбір мәселені сатира тілімен жеткізген.

Кеште сықақ әңгімелерінен мәдениет қызметкерлері көрініс көрсетті. Қаламгердің адалдық, адамгершілік, намыс, батылдық, еңбекқорлық қасиеттердің қоғам дамуы үшін қажет құндылықтар екенін көркем тілмен бейнелеген шығармалары бойынша қойылған қойылымда оқырманға ой салатындай шынайы көрсетілді.

Кеш қонақтары сөз алып қаламгер шығармашылығының қоғамдағы маңызы мен шынайылығы туралы естеліктер айтты.

С.Әлжіковтер әулеті өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен Сыр жеріне танымал. Сақтапберген ағамыз оқырман жанын қаламымен емдесе, немересі Жәнібек адамның тәнін емдеп, халықтың ризашылығына бөленіп жүрген ақ халатты абзал жан.

Шара барысында Қызылжарма мәдениет үйінің қызметкерлері Мирамбек Көшеков, Қуаныш Ахметқызы қатысушыларға әннен шашу шашты. Аталған кешті қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлмира Шамсутдинқызы қорытындылады.

«Ақмешіт-ақпарат»

Белгілі жазушы-сатирик, қоғам қайраткері Сақтапберген Әлжіковтың туғанына – 100 жыл

САТИРА САЙЫПҚЫРАНЫ

Киелі Сыр топырағында өмірге келген Алаштың ардақты да, аяулы азаматы Сақтапберген Әлжіков ағамыздың балалық шағы мен жастық шағы сәтті де, тәтті болмаған. Оның балалық шағы өткен ғасырдың отызыншы жылдардағы алапат ашаршылыққа тұспа-тұс келсе, жастық шағы 1937-1938 жылдарда елімізде жаппай орын алған атып-асып, зиялыларымызды жазықсыз ажал құштырған қырғын-сүргінге тура келді. Артынша 1941-1945 жылдардағы ҰОС-ның зардабы мен зиянын да бастан өткерді. Осындай аса ауыр жылдары қазақтың қажырлы да қайсар ұлы Сақтапберген ағамыз ересектермен бірге еңбекке ерте араласып, есейді, ержетті. Қиындықтарға мойымай талантты тұлға, зейінді де зерделі азамат жоғары білім алып, қызметке араласты. Қандай қызмет атқармасын, ол өз міндетіне аса жауапкершілікпен қарап, өте адал атқарды. Ағаның адамегершілік пен адалдық қасиетін, аққөңіл әрі ақжарқын мінезін замандастары жыр етіп айтып отыратын.

1961 жыл. Бұрынғы Тереңөзек ауданына қарасты Қаракөл қой совхозына (қазіргі Қараөзек ауылы) елімізге белгілі бір топ ақын-жазушылар келді. Ақын Асқар Тоқмағамбетов бастаған жазушылар ауылдағы №39 Қызылөзек орта мектебінің оқытушыларымен және оқушыларымен кездесу мақсатында келіпті. Асқар ағамен бірге белгілі ақын-жазушылар: Сырбай Мәуленов, Сақтапберген Әлжіков, Қалмахан Әбдіқадыров болды. Жиналған топ алдында Асқар ағамыз оқушыларға ақын-жазушыларды таныстыра бастады.

Ақын аға:

– «Мың бір түн» хикаясын түрлендіріп түлеткен, оны араб, парсы тілдерінен аударумен күні өткен жазушы әрі аудармашы ағаларың Қалмахан Әбдіқадыров. Ал мынау сары кісі өзі сары болғанымен сөзі дәрі, бұны біледі дөкейлердің бәрі, жазушы-сатирик, «Ара» журналының бас редакторы Сақтапберген Әлжіков деген ағаларың болады. Мынау поэзия саласында дәуірі дүрілдеген, даусы машинаның моторындай гүрілдеген Сырбай Мәуленов, – деп оқушылар қауымын бір күлдіріп алды. Мен осы кездесудің куәсі болған едім.

Сақтапберген ағамыз республикалық «Ара» журналының бас редакторы болып біраз жыл еңбек етті. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген атам қазақ. Ол кезде шындыққа сүйеніп жазылған шынайы сынды басшылар да басқалар да барынша түсіністікпен қабылдап, артынша қорытынды шығаратын. Ең бастысы, кім болса да «Араның» назарына ілікпеу үшін барынша адал қызмет атқаратын еді. Бәрі де сын садағына ілінбеуге тырысып тіршілік ететін еді-ау. Журналдың бас редакторы болып Қалтай Мұхаметжанов ағамыз да қызмет атқарды. Кейін Көпен Әмірбекті басшылыққа алған еді. Әттеген-айы, қаржы мәселесі қолбайлау болып, журнал жабылып қалды. Кезінде дәуірлеп тұрғанда «Ара», жемқорлық деген жоқ еді жұқпалы жара дейтін едік.

Иә, Сақтапберген сияқты ардақты азамат ағамыз халқының жадында мәңгі сақталады. Ағаның өскен және өткен өмір жолы өскелең ұрпаққа өнеге болып қала бермек.

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар Одағына қарасты Қазақстан сықақшылары «Найзагер» қауымдастығының мүшесі,
жазушы-сатирик Балғабек Қыдырбекұлы атындағы жүлденің екі мәрте иегері

СҰХБАТ

ДІНИ БІЛІМДІ ШЕТЕЛДЕ АЛҒАН ДҰРЫС ПА?

Бүгінде әлемнің белді оқу орындарында көптеген қазақ баласы оқып жүр. Бұл процесс сапалы білім алып, жақсы жұмыс тауып, жайлы өмір сүру үшін туындаған қажеттілік. Жастар таңдауының көш басында Еуропа елдері, АҚШ және Оңтүстік Корея тұр.

Талапкер білім алумен қатар, сол елдің мәдениетімен етене танысып, өз туған жерімен салыстыра қарайды. Өзге елдің даму үрдісін байқайды, тәжірибе жинақтайды. Дегенмен шетелде білім алудың пайдасымен қатар, қауіпті тұстары да қатар жүретіні сөзсіз.

Қазіргі жастардың шетелде білім алып, болашағына сеніммен қарап, елге қажет маман боламын деген ұмтылысы құптарлық іс. Алайда соңғы жылдары Таяу Шығыс елдерінде әртүрлі діни ағымдар белсенділігінің артуы мен дінаралық қақтығыстардың белең алуы, террористік ұйымдардың ашық әрекет етуі себебінен қоғамдық-саяси және діни ахуал күрделеніп кетті. Бұған қоса қазіргі күнде түрлі жалған және деструктивті ағымдардың қызметі ашық жүргізіліп, олар өз қатарын толықтыруды көздеуде. Сондықтан ел азаматтары өздерінің болашақ білім алатын елін таңдау барысында сол мемлекеттің тарихы, мәдениетімен қатарқоғамдық-саяси және діни ахуалы туралы ой түйіп, біліп алғаны жөн.

Осы кезекте кез келген ата-ананың ойында «діни білім алудағы қауіптің алдын алу мақсатында жас түлек нені білгені дұрыс, кімдермен ақылдасқаны жөн?» деген сұрақ тұрады. Аталған сұрақтар бойынша біз Түркия мемлекетінің «Хасеки» академиясында білім алып жатқан Сыр елінің тумасы Бектас Нұртөре Еркінбайұлымен елдегі білім беру саласының өзіндік ерекшеліктері жөнінде сұхбаттасқанды жөн көрдік.

– Алғашқы діни білім алуға деген қызығушылық қай уақыттан басталды?

– Қалада «Болашақ» университетінде оқып жүрген кезде қысқы демалыста Астана қаласында «Әс-сәләм» мешітіндегі 14 күндік діни сауат ашу курсынан өттім. Сол жерде алғашқы діни сауатымызды аштық, Құран оқуды үйрендік. Намазды қалай оқу керек, оразаны қалай ұстау керек деген сияқты негізгі діни мағлұматты алдық. Осы курс аяқталуға жақын уақытта Астана медресесінде оқитын сыныптасым бар еді, сол жылы медреседегі соңғы жылы екен. Мені өзінің курстастарымен бірге болатын отырысқа шақырды. Ол орта менің діни білім алуға деген қызығушылығымды арттырды. Сөйтіп, университетті бітіргеннен кейін діни білім аламын деп шештім.

Оқуды аяқтағаннан кейін бірден Астана қаласындағы Астана медресесіне оқуға түстім. Алғашқы діни білім алған оқу орным Астана медресе-колледжі. Медресеміз Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарайды, исламтану мамандығы бойынша білім береді. Бітірген түлектер мемлекеттік колледж дипломын алады. Сондай-ақ дін істері басқармасында теолог болып, мешіттерде, медреселерде имам-ұстаз болып қызмет ете алады. Оған қоса ҚМДБ-мен келісімшарт жасасқан шетелдегі жоғары діни оқу орындарында діни білімін арттырып, тереңдетіп оқуға мүмкіндік бар.

Медресеміздің ерекшеліктерінің бірі мұндағы ұстаздардың басым көпшілігі діни білімді шетелдегі белді, сенімді оқу орындарында жетілдірген. Атап айтқанда, Түркиядағы «Хасеки» академиясында, Мысырдағы «Әл-әзһар» университетінде, еліміздегі Алматы қаласындағы «Нұр-мүбәрак» университетінде, Өзбекстандағы «Имам Әл-бұхари» ислам институтында, Малайзия еліндегі «Сұлтан Зейнул-абидин» университетінде және Катар мемлекетіндегі «Хаммад бин Халифа» университетінде оқып келген докторлар мен магистранттар сабақ берді.

– Бүгінгі күні білім алып жатқан академия сізді қандай ерекшелігімен қызықтырды?

– Осы кезде Түркия еліндегі «Хасеки» академиясында білім алып жатырмын. Бұл жерде 200-ге жуық шәкірт білім алуда. Соның ішінде 25 шәкірт Қазақстан азаматы. Жалпы Түркияда 12 «Хасеки» академиясы бар. Бұл оқу орындарында Түркия азаматтарынан бөлек, Қырғызстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Моңғолия, Индонезия, Бангладеш, Әзірбайжан және Буркино-Фасо сынды мемлекеттерден келген студенттер білім алуда. Оқу мерзімі –30 ай. Алғашқы он айында араб тілі грамматикасы және түрік тілі оқытылады. Қалған екі жылында фиқһ, кәләм, тәпсір, хадис, мантық, Құран аудару секілді негізгі діни пәндер тереңдетіп үйретіледі.

Менің бұл оқу орнын таңдауымның бірнеше себебі бар. Біріншіден, ҚМДБ мен осы оқу орнының арасында келісімшарт бар. Екінші, Түркия елінің діни ұстанымдары, салт-дәстүрлері, мәдениеті бізге жақын, яғни Ханафи мәзһәбін және Матуриди ақидасын ұстанады. Үшіншіден, Араб және түрік тілін жетік меңгеруге мүмкіндік бар. Оған қоса шәкірт білім алуы үшін барлық жағдай жасалған.

– Соңғы жылдары шетелде діни білім алып жатқан қазақ жастарының саны артып келеді. Сіздің пікіріңізше, отандық теологиялық білім беретін оқу орындарының әлеуеті қандай?

– Марқұм Әбдіғаппар ұстазымыз бір уағызында айтпақшы, тәуелсіз Қазақстанымыз 30 жастағы жігіт сияқты. Отыз жастағы жігіттің үлкен қариядан алар ойы, түйер пайымы көп екені белгілі. Сол сияқты діни білім беруде жылдар бойы тәжірибесі бар елдерде шәкірттердің білім алуы еліміздің діни оқу орындарының әлеуетінің төмендігін білдірмейді. Керісінше, ол елдердің тәжірибесіне сүйеніп, өзімізді дамыту болып табылады. XX ғасырдың ортасында діни тұрғыдан әлсіреген Түркия араб елдерінен діни білім алған. Жылдар өткен соң Түркияның өз ғалымдары өзіне жететін дәрежеге келді. Сол сияқты еліміздің шетелдегі шәкірттері де біраз жылдан соң Қазақстан үшін жеткілікті болады. Елімізге танымал ұстаздардың да көбі шетелде білімдерін жетілдіргендер.

– Сіз шетелде оқуды жоспарлап жүрген жастар мен олардың ата-аналарына қандай кеңес берер едіңіз? Бірінші кезекте қандай дайындық сатыларынан өткені жөн?

– Шетелде діни білім алуды қалаған шәкірт ең алдымен ҚМДБ-ға қарайтын 9 медресе-колледждің бірінде немесе «Нұр-мүбәрак» университетінде оқып, негізгі діни қағидаларды үйренуі керек. Ешқандай діни білім алмастан шетелге барып оқуды сол жақта бастаудың қазіргі таңда қажеттілігі жоқ. Өйткені елімізде негізгі діни білімді үйрететін оқу орындары жетерлік. Елімізде білім алып болған соң шетелге шығып, діни білімді тереңдетіп, өз ісінің майталманы болу– құптарлық іс.

Ал шетелде діни білімнен басқа бағытта оқығысы келген талапкерлер үшін шетелге кетпей тұрып, мешіт ұстаздарынан, діни мамандардан кеңес алып, негізгі дін қағидаларын үйренуі қажет. Себебі жат елде түрлі теріс пиғылды діни ағымдар жетерлік.

– Әлі оң-солын танымаған жастарға шетелдік жат идеология мен күмәнді діни топтардың қауіптілігі қандай? Бүгінде күмәнді діни білім беру ошақтарында білімін жетілдіріп жатқан азаматтар да жоқ емес. Бұл туралы не айтасыз?

– Шариғатта әдет-ғұрыптың өзіндік орны бар. Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа демекші, шетелде де діни білім алудың өзіндік жолы бар. Жолын білмегеннің адасуы да таңғалатын дүние емес. Қорқатын дүнием, өзі ғана адаспай, өзгені де адастыру қаупі жоғары. Сол себепті басында айтқанымдай, діни білім алмастан және ҚМДБ-ның ұсынысы болмастан шетелде діни білім алу дұрыс емес. Сұрақтың өзі айтып тұрғандай, жат идеология мен күмәнді топтардың дұрыс емес екені анық. Ең үлкен қауіп елдің ауызбіршілігін бұзу деп білемін. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін ҚМДБ жанынан діни білім алу мақсатында көптеген шәкірттер баратын негізгі елдерде «Талаба» қауымдастығы құрылды. Құрылғанына аз уақыт болса да көптеген маңызды шаралар атқаруда.

– Оқу орнын бітіргеннен кейінгі жоспарларыңызбен бөліссеңіз...

– «Хасеки» академиясын бітіргеннен кейін мешітте имам, медреседе ұстаз немесе мемлекеттік орындарда теолог болып қызмет етемін бе деген жоспар бар. Бірақ әлі нақты шешпедім. Қай бағытта болсам да алған білімімді халықпен бөлісіп, ағартуға үлес қосуға тырысамын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбат соңында...

Кейіпкерімізден байқағанымыздай, шетелде оқу – ерік-жігерді, еңбекті, сонымен қатар көп ізденісті, өз бетінше үйренуді талап етеді. Жалпы қазір білектің күшіне емес, білімге арқа сүйейтін заман. Талабы таудай жастар мұны ескеріп, жат жерде жүріп оқудың қиындығы мен ауыртпалығына қарамастан, қарым-қабілеті мен білім-біліктілігін тереңдетіп жүр. Өйткені олар кез келген білім болашаққа салынған инвестиция деп біледі.

Әңгімелескен
Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Өңірдегі мәдени мұралар мемлекет қорғауында

Сыр өңірі тарихи ескерткіштерге бай өлке. Бүгінде аймақтағы 560 мәдени мұра мемлекеттің қорғауына алынған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Ерқазы Алданазаров айтты.

Жалпы облысымыз орта ғасыр мен қазақ мемлекетінің пайда болу құпиясын ішке бүккен тарихи мекен. Тарихтағы Жанкент, Шірік-Рабат, Сығанақ, Сортөбе, Сараман-Қоса сынды т.б орындар Сыр өңірінде орналасқан. Бұған жоғарыда көрсетілген сандар тізбегі дәлел бола алады. Аталған тарихи-мәдени ескерткіштердің ішінде 31-і республикалық, 256-сы жергілікті маңызы бар ескерткіштер қатарында. Тағы 273 ескерткіш алдын ала есепке алынған тарихи-мәдени мұра нысандарының тізіміне енген.

– Ескерткіштер – халықтың мәдени мұрасы. Қазіргі таңда «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жүзеге асырылуда. Соның нәтижесімен энциклопедия жинағына жалпыұлттық 12, өңірлік 60 қасиетті нысан енгізілді. Тәуелсіздік жылдары 15 археологиялық ескерткішке зерттеу жасалып, 38 сәулет ескерткішіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ 125 монументті өнер құрылысы салынып, 80 ескерткіштің қорғау аймақтары белгіленді. Бүгінде 3 ескерткіш – Қорқыт ата ескерткіш кешені, Сығанақ, Жанкент қалашықтары толығымен қоршалды. Соңғы жылдары мәдени құндылықтар мен ұлттық тарихымызға көп көңіл бөлінуде, –дейді Ерқазы Жарылқасынұлы.

Сала басшысының айтуынша, биыл облыс әкімдігінің қолдауымен бірқатар жобалар жүзеге асырылмақ. Мәселен, ежелгі өркениет ошақтары саналатын сақтардың орталығы Бәбіш мола, оғыздардың ордасы Жанкент және қыпшақ, қазақ хандықтарының астанасы болған Сығанақ қалашықтарында археологиялық қазба жұмыстары жүргізіледі. Мұнан өзге, 2023-2024 жылдары Қызылорда облысында бірқатар ескерткіштерге реставрациялық жұмыстарды жүргізуде жоспарда бар.

ЮНЕСКО шешімімен 1983 жылы 18 сәуір – халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күні болып бекітілген. Бүгінде тарихи-мәдени мұраларды сақтап, қорғау республика көлемінде қолға алынуда. Сыр өңірі киелі, қасиетті орындардан кенде емес. Еліміздің өткен тарихынан сыр шертетін мұндай орындарды сақтап, зерттеп-зерделеу тарихымызды толыстырып, сан ғасырдан сыр шертері анық.

Ақмешіт-ақпарат

Су бар жерде өркениет болады

Бәрін тауысып кету мақсат па?

Тарихтан белгілі, көшпелі қазақ суды тиімді пайдалануға аса көңіл бөлген. Мал шаруашылығын дамыту үшін де, өзінің тұрмыс-тіршілігіне қолайлы жер ыңғайын бағдарлап отырған. Қазақ тарихында мұрап – қашаннан да ел арасында құрметті мамандық. Қазақ мұраптарды пір тұтқан десек артық айтқандық емес. Себебі бүкіл адамзат баласының тыныс-тіршілігі мұраптардың ісіне тәуелді болды. Ал сол кездегі мұраптар оқыған инженерлерден кем болған жоқ. Жалпы қазақ өнертапқыш халық қой. Бір ғана мысал, көшпенді қазақ түйеге шығыр байлап, төменнен – жоғарыға су шығарып отырған. Бұл қазіргі су насостары ғой. Яғни адамға ой салып, ғылымның дамуына үлес қосқан ата-баларымыздың тыныс-тіршілігінде табиғатқа деген ұқыптылықты аңғаруға болады. Шығыр айдау арқылы су тартудың өзінде суды төгіп-шашып пайдаланбаған, тек керегін ғана алып отырған. Яғни, тепе-теңдікті сақтаған. Ата-бабамыздың табиғат тепе-теңдігін сақтап отырудағы ұстанымы қазір бізге ауадай қажет. Себебі қазір келешек ұрпақты ойлағаннан гөрі, бүгінді ойлау ниеті басым. Бүгіннен қалдырмай тауысу... Мысалы, мұнай қоры таусыла бастағанда, тереңнен бұрғылау мәселесі қозғалып жатыр. Бұл қажет те шығар, бірақ келешек ұрпаққа не қалдырамыз? Барлық ресурсты пайдаланып, зәулім-зәулім сарайлар салып, бүкіл отын-газды тауысып кетеміз бе? Адамзат баласы технология дамыған сайын табиғатты аяусыз қанап, құныға ішіп-жеудеміз. Тіпті мұхитты да ластап жатырмыз. Яғни жер-су ресурстарын пайдалануда өзекті мәселелер өте көп.

Ғылым қолдауға мұқтаж

Жалпы, әлемнің қозғаушы және дамытушы күші – ғылым. Өкінішке орай, ғылымда да шешілмеген мәселелер баршылық. Қарапайым мысал, еліміздегі ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындарының заманауи құрал-жабдықтармен, лабораториялық қондырғылармен жабдықтау деңгейі уақыт талабына сай келмейді. Сол себепті біз көп жағдайда оқуда да, ғылыми-зерттеу жұмыстарында да ескі әдістерді қолданудамыз. Тағы бір мәселе – ғалымдардың ізін қуып, талпынып келіп тұрған леп те аз. Жастар жағы ғылыми зерттеу институтында көп тұрақтамайды. Себебі айлығы уақытылы берілмейді, жалақысы аз, мансаптық өсуі бұлыңғыр. Бүгінде университет оқытушыларының айлығы біршама көтерілді, ал ғылыми зерттеу институттарының жағдайы түзелген жоқ.

Су пайдаланушылар ассоциациясын құру қажет

Жалпы, соңғы жылдары аймағымызда суды үнемді пайдалану шаралары жүйелі жүргізілуде. Суды үнемді пайдалануда үлкен мүмкіндіктің бірі – жерді тегістеу. Әдепкіде бұған шаруашылықтар көп мән бермеді. Дегенмен су тапшылығы жағдайында бұл шараны жасау қажеттілігін өмірдің өзі көрсетті. Сондықтан бұл бағытта кейінгі кезде ілгерілеушілік бар. Аймақтағы ірі шаруашылықтар егін алқаптарын лазерлік тегістеу техникаларын көптеп алып, суды үнемдеп ғана қоймай, гектардың шығымдылығын да арттыруда. Мысалы, бұрын тегістелмеген жерден гектарына 40 центнерге жуық өнім алса, тегістеп егудің нәтижесінде 60-70 центнерге дейін өнім алуда. Бұл тәсіл су шығынын 30-40 пайызға азайтатынына көз жетті. Бір сөзбен айтқанда, ірі шаруашылықтар жерді лазерлік тегістеудің игілігін көруде. Сондықтан оларға мелиоративтік техникаларды алуға мемлекет тарапынан қомақты субсидиялар бөлініп, жеңілдіктер жасалуы тиіс. Суды тиімді пайдаланып, ұтымды басқаруды жүзеге асыру және сыбайластық тәуекелдерді азайту үшін су пайдаланушылар ассоциациясын құрып, құрамына қоғам белсенділері, әкімшілік өкілдері, білікті су мамандары, ғалымдар енсе құба-құп болар еді.

Басы 1-бетте

Сыр өңіріне күріш екпесе, экология бұзылады

Кейінгі жылдары күріш егу су тапшылығына әкеледі деген жаңсақ пікір қалыптасуда. Егер де біздің топырақтың климаттық жағдайында күріш егілмесе, басқа дақылдардан өнім алу күмәнді. Себебі біздің топырақ тұзды, құнарсыз. Сондықтан топырақтағы тұзды күріш егу арқылы шая отырып, екі-үш жылдан кейін әртараптандыру дақылдарын егуге мүмкіндік туады. Сондықтан күріш – мелиоративтік маңызы өте жоғары дақыл. Қызылорда облысының табиғаты күріш егуге бейім. Екіншіден, төменге түсетін судың сапасы әрдайым талапқа сай емес, түрлі қосындылармен ластанған. Айтайық, Сырдария өзеніне жоғарыдан 140 коллектор құяды. Демек, түрлі қоспалармен ластанған суды күрішке ғана пайдалануға болады. Себебі күріштің анатомиясы дәніне улы заттарды өткізбейді, сөйтіп, біз таза өнім аламыз. Түйіндей келе, күріш өндірісінің нәтижесінде елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелері шешімін табуда.

Жалпы, күріш өндірісін тоқтатсақ, бұл құрлықта екінші Арал проблемасын тудырады. Аймақтағы бүкіл суару жүйесі ауыспалы егістіктерін суаруға арналған гидравликалық есептеулермен жүргізілген. Сондықтан оны реконструкциялау үшін орасан зор қаржы, техника және тағысын тағы жағдай қажет.

Мұрап болу – ердің ісі

Атадан-балаға жалғасқан мұрап мамандығының сабақтастығы кейінгі кезде үзіліп қалғандай. Бұл – жүректі ауыртатын шындық. Қазір су маманын табу қиын. Мұның бір себебі су маманы қоғамда танымал емес және су шаруашылығы үшін қажет болса да өз дәрежесінде мән берілмей отыр. Иә, арнайы мамандар даярлап жатырмыз, мемлекеттен грант жылда бөлінуде. Алайда бір мәселе – жыл сайын бұл мамандықтағы қыздардың үлесі өсуде. Бұл менің гендерлік саясатқа қарсылығым емес. Бұл – мемлекеттен бөлініп жатқан ақшаны тиімсіз пайдалану. Себебі қыз балалар диплом алған соң, атыз басына, өзен жағалап, шлюздерді ретке келтіруге бара алмайтыны белгілі. Сондықтан су маманын даярлауда санға емес, сапаға мән беріп, келешек нағыз маман болатын жігіттерді даярлау керек. Бір сөзбен айтқанда, мұрап болу – ердің ісі. Әйтпесе су мамандарының тізімі музеймен аяқталатын түрі бар. Бұл – дабыл қағарлық мәселе. Енді не істейміз? Маман даярлауға мемлекетпен қоса шаруашылықтар да өз үлестерін қосып, ауылға қайтып оралатын өз мамандарын ақылы негізде даярлауды жүзеге асыруы тиіс.

«Аралға су жеткізуге тырыстық»...

“Дүниежүзілік су конференциясының панельдік сессиясында сөйледім.

Осыдан екі жыл бұрын Арал ауданының Таутүбек ауылында балықшының маған айтқан сөздерімен бөлістім. «Арманымыз қар мен жаңбырдың болғаны...» деп айтқан болатын, яғни Аралға су келуі сонда тұратын адамдардың әл-ауқатына ықпал етеді.

Осыған байланысты біз биыл Аралға суды мүмкіндігімізше жеткізуге тырыстық. 2023 жылдың екі айында Аралға 1 млрд-тан астам текше метр су жеткіздік, ал былтырғы жылдың 12 айында шамамен 800 млн текше метр су жеткен еді”.

(ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменованың «facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшасындағы жазбасынан)

Экология және табиғи ресустар министрлігі Жезқазған-Ұлытау өңірінде онкологиялық аурулардың себептерін комиссия зерттегені туралы әлеуметтік желіге жариялады. Министрліктің «facebook» парақшасындағы хабарламада бұл өңірде ешқандай улы элементтер табылмаған.

Аурудың себебі қандай?

«Жезқазған-Ұлытау өңірінде онкологиялық аурулардың себептерін ведомствоаралық комиссия зерттеді.

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі 2022 жылғы наурызда Қарағанды облысының Жезқазған-Ұлытау өңірінде Байқоңыр ғарыш айлағы қызметінің әсерінен онкологиялық аурулардың өсу себептерін зерделеу жөнінде ведомствоаралық комиссия құрды.

Экология және табиғи ресурстар, денсаулық сақтау, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің аумақтық бөлімшелері жүргізген сауда объектілерінде өндірілетін тамақ өнімдері, жер үсті сулары, топырақ, атмосфералық ауа мен радиация сынамаларының іріктеу қорытындысы бойынша Жезқазған-Ұлытау өңірінің аумағында радиациялық фонның асуы және атмосфералық ауаның ластануы тіркелмеген, бұдан басқа улы элементтердің (кадмий, қорғасын, мышьяк) және гептилдің артық көрсеткіштері анықталмаған», – деп жазады.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі көктемгі су тасқыны қаупі жоқ екенін ресми сайтында хабарлады.

КӨКТЕМДЕ ҚАУІП ЖОҚ

Көктем мезгілінде қардың еруі мен жауын-шашын мөлшерінің артуы салдарынан су тасқыны қауіп тудыратыны анық. Қазгидромед орталығының 2023 жылғы су тасқыны кезеңіне арналған қорытынды гидрологиялық болжамы бойынша, Қазақстан аумағын қармен жабу алаңы 4%-ды құрайды. Қар жамылғысы негізінен Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Түркістан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары мен Жетісу және Абай облыстарының жыраларында, орманды және таулы жерлерінде сақталады.

Қазіргі таңда, оңтүстік өңірінде қар суының еруі аяқталды. Бассейндегі ірі су қоймалардың жұмысына күнделікті мониторинг жұмыстары жүргізілуде.

Шардара су қоймасының – жобалық сыйымдылығы 5200 миллион текше метрді құрайды. Бүгінгі күні қойманың толу деңгейі-96,9%. Су қоймасына келіп жатқан су көлемі секундына 338,0 текше метрді құраса, ал шығарылған су көлемі секундына 150 текше метр.

Бөген су қоймасының нақты көлемі 342,80 миллион текше метр болса, қазіргі таңдағы толу көрсеткіші 92,6% құрайды. Су қоймаға келіп жатқан су көлемі - 40,95 м3/сек., су қоймадан шыққан су көлемі 57,0 м3/сек.

Көксарай су реттегішінің жобалық сыйымдылығы - 3000 миллион текше метр. Нақты көлемі - 1785,74 миллион текше метр. Толу көрсеткіші -59,5%, келіп жатқан су көлемі - 0,0 млн.м3, шыққан су көлемі - 150 м3/сек.

Түркістан, Қызылода облыстары және Шымкент қаласы аумағындағы қалған су қоймаларының толу пайызы 90%-дан төмен.

Қапшағай су қоймасының жобалық сыйымдылығы - 28140 млн.м3. Бүгінгі күні нақты көлемі - 17690 млн. м3, деңгейі – 478,44м, су қойманың толу деңгейі – 96 %. Су қоймасына келіп жатқан су көлемі секундына 320 м3 құраса, ал шығарылған су көлемі секундына 250 текше метр.

Бартоғай су қоймасының жобалық сыйымдылығы - 320 млн. м3. Қазіргі таңда нақты көлемі – 292,08 млн.м3, деңгейі – 1066,56 м, су қойманың толу деңгейі – 91 %. Су қоймасына келіп жатқан су көлемі секундына 12,8 м3 құраса, ал шығарылған су көлемі секундына 5,0 текше метрді құрайды.

Күрті су қоймасының жобалық сыйымдылығы - 120 млн.м3. Бүгінгі күні нақты көлемі – 93 млн.м3, деңгейі – 555 м, су қойманың толу деңгейі – 77 %. Су қоймасына келіп жатқан су көлемі секундына 4,7 м3 құраса, ал шығарылған су көлемі секундына 1,0 текше метр.

Бестөбе су қоймасының жобалық сыйымдылығы - 238 млн.м3. Бүгінгі күні нақты көлемі – 85,41 млн.м3, деңгейі – 1748,35 м, су қойманың толу деңгейі – 36 %. Су қоймасына келіп жатқан су көлемі секундына 34,2 м3 құраса, ал шығарылған су көлемі секундына 33,7 текше метр.

Жоғарыда аталған Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясына қарасты ірі су қоймаларының жұмысына күнделікті талдау-сараптау жұмыстары жүргізілуде. Бассейн аумағындағы басқа да су қоймалар вегетациялық кезеңге дайындалуда.

Жамбыл облысында да көктемгі су тасқынынан қауіп жоқ. «Қазгидромет» РМК орталығының хабарлауынша, вегетациялық кезеңге тау өзендеріне арналған гидрологиялық болжамы бойынша жауын-шашын мөлшері артық түсті. Алайда, тау бөктерінде қар жоқ. Қазіргі таңда, Шу Талас бассейні бойынша қар суының еруі аяқталды.

Терс-Ащыбулақ су қоймасының – жобалық сыйымдылығы 158,0 миллион текше метрді, рұқсат етілгені – 145,0 млн.м3 құрайды. Бүгінгі күні қойманың толу деңгейі-100%, көлемі 145,0 миллион текше метр. Су қоймасына келіп жатқан су көлемі 17,2 м3/с, ал шығарылған су көлемі 15,0 м3/с.

Тасөткел су қоймасының – жобалық сыйымдылығы 620 млн. м3, рұқсат етілгені – 472,0 млн.м3 құрайды.

Бүгінге су қойманың көлемі 345,3 млн.м3 болса, қазіргі таңдағы толу көрсеткіші 73% құрайды. Су қоймаға келіп жатқан су көлемі – 73,1 м3/сек., су қоймадан шыққан су көлемі 50,0 м3/сек.

Талас өзенінің бойындағы Қырғыз Республикасында орналасқан Киров су қоймасының жобалық сыйымдылығы – 550 млн.м3. Нақты көлемі -434,17 млн.м3. Толу көрсеткіші -79 %, келіп жатқан су көлемі – 26,1 млн.м3, шыққан су көлемі – 0,1 м3/сек.

Қазіргі таңда, барлық бассейн аумақтарында суару маусымы басталып, суармалы жерлерге жоспарлы түрде су жеткізілуде.

Бетті дайындаған
Гүлитра ДІЛДӘБЕКОВА
Суреттер ашық дереккөзден алынды

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2959 **Тапсырыс №609**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гаухар ҚОЖАХМЕТОВА